




Мен сайлауды қолдаймын!

2-бет



Жазалау шарасы күшейтілмек!

3-бет



Ардагерлер назардан тыс қалмайды!

8-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 22 (531) ЖҰМА, 13 наурыз 2015 жыл

«НҰР ОТАН» МҮШЕЛЕРІ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНДЫ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы, Партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI Съезінде алдымен сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Кенжеғали Сағадиев партия атынан Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын ұсынды, - деп хабарлайды Baq.kz тілшісі.

- Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгідей жетістігіне жету жолында Мемлекет басшысының сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі орасан зор. Сондықтан да біз Елбасының ел басқарудағы мол тәжірибесіне сүйене отырып, Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын партия атынан ұсынғанды жөн санадық, - деді Кенжеғали Әбенұлы.

Айта кетейік, «Нұр Отан» партиясының Жарғысына сәйкес Съезд партияның жоғары басқарушы органы болып табылады. Яғни, қажеттілігіне орай Партия төрағасы немесе Саяси кеңестің шешімі бойынша шақырылады. Партия Съезінің делегаттары партияның өңірлік филиалдарының конференцияларында сайланады. Партияның Съезі оның жұмысына партияның барлық филиалдарының өкілдері қатысқан жағдайда ғана құқықтық жағынан оңды деп танылады. Съезд шешімі партияның барлық филиалдарының өкілдері Съезге қатысқан жағдайда көпшілік дауыспен қабылданады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АӨК ДАМУТUDЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ 5 БАҒЫТТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Шығыс Қазақстан облысында «Ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту: жағдайы мен келешегі» тақырыбында өткен семинар-кеңесте ШҚО әкімі Даниал Ахметов агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасының 5 бағытын атады, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Семинар-кеңеске өңірдегі кәсіпкерлер мен шаруа қожалық иелері, қалалар мен аудандардың әкімдері қатысты. Айта кету керек, ауыл шарушылығы Шығыс Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Тек 2014 жылы ғана «Агробизнес 2020» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер мен шаруа қожалық иелеріне 12,2 млрд. теңгеге субсидия берілген. Бұл көрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда бір жарым есе көп. Берілген субсидияның өтеуі ақталып, аймақта өткен жылы 154 инвестициялық жоба іске асқан. Соңғы 3 жылда агроөнеркәсіпті дамытудың арқасында аймақта 7 мың жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар, өңірде мыңнан аса жеке кәсіпкер ветеринария саласында жұмысын табысты атқарып келеді.

- Ауылдық аймақтарда кәсіпкерліктің, атап айтқанда агросектордың жолға қойылуын бекемдеу үшін 5 бағытта жұмысымызды жалғастырамыз. Біріншіден, сүт-тауар фермаларын салып, бұрыннан барларын күрделі жөндеуден өткізсек, екіншіден сүт өнімдерін ауыл тұрғындарынан сатып алу үшін сүт қабылдау бекеттерін көбейтеміз. Үшіншіден, қабылданған сүтті толық айналымға енгізу үшін сүт өңдеу кәсіпорындарының жұмысы күшейтіледі. Сондай-ақ, төртінші және бесінші бағытта аймақтағы бар малдың жем-шөппен қамтамасыз етілуі мен ветеринарлық-санитарлық қадағалауы назарға алынады. Айта кету керек, АӨК дамуының 5 бағытына да мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады, - деді Д.Ахметов.

БАҚ беттерінен

«Аудан тынысы» газетінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 21 санында жарияланған 2015 жылдың 19 наурызына белгіленген аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXX сессиясының болмайтындығы туралы хабарлама **жарамсыз деп танылсын.**



Наурыз айының 5 жұлдызында көктемнің ең бір шуақты мерекелерінің бірі- аналар күніне орай, Аудан әкімі Г.Акуловтың салтанатты мерекелік қабылдауы өткізілді. Салтанатты мерекеге ауданның бірқатар ардагер аналары мен көпбалалы аналар, белсенді үкіметтік емес ұйымдардың төрайымдары, сан салада еңбек етіп жүрген іскер әйелдер, мемлекеттік қызметкерлер мен органдарда әлеуметтік мекемелерде жемісті еңбек етіп жүрген аналар мен қыз-келіншектер шақырылды. Мерейлі кездесуге аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімінің орынбасары Р.Атаева, ШҚО әкімінің қоғамдық көмекшісі Л.Шокарева, аудандық «Нұр отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары С.Урашевтар қатысты.

- Сіздерді осынау төл мерекелеріңізбен өз атымнан, ауданның барлық ер азаматтарының атынан құттықтауға рұқсат етіңіздер деп бастаған аудан басшысы, жүрекжарды мерекелік құттықтауын жиналған аналарға жеткізді. Әйел адамның, ананың қоғамдағы орны ерекше екені ақиқат. Үлкен-үлкен істерді абыроймен атқарып жүрген сіздерді ел тыңдайды. Сондықтан сіздерді мерейлі

мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ауданның барша аналар мен әйелдер қауымын құттықтаймын. Өмірде кездесетін қиындықты жеңе білуге күш-қайрат, жігер және отбасылық бақыт, бейбітшілік, береке-бірлік тіледі. Одан кейін аналарды аудандық мәслихаттың хатшысы У.Майжанов құттықтады.

Осы мерекелік кеште аудандық мәдениет үйінің әртістері, қазақ орта мектебінің оқушылары және шығармашылық үйінің оқушылары ән айтып би билеп мерекенің көркін келтіріп, барлық мерекеге келген әйел қауымының көңілін бір көтеріп тастады. Мереке кешінде тілектер де айтылды, әдемі әзілге де орын берілді. Мерекелік көңіл-күйде өткен басқосуда Бородулиха ауылдық округі әйелдер кеңесінің төрағасы Ж.Аргимбаева әр шаңырақтың ұйытқысына айналған апалар мен аналарды қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, шараны ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді. Көктемнің шуақты мерекесіне арналған жарқын кездесу соңында аудан басшысы барша қатысушыларға сыйлықтар табыс етіп, жиналғандар естелікке суретке түсті.

М.АТАЕВА, Т. КАЛИБАЕВ

Аналарға құрмет

Ана - әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Әрбір адамзат баласы ана деген сөзді қанша айтса да жалықпайды. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Әйел адам әр шаңырақтың ұйытқысы, берекесі. Анаңды меккеге қанша рет арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың деп ұлы бабаларымыз бекер айтпаса керек. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр. Анаға, әйел адамға деген адамзат баласының сый құрметі шексіз. Осындай сый құрметке лайық аналарға, қыз келіншектерге арналған 8 Наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудандық мәдениет үйінде салтанатты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шараны Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов құттықтау сөзімен ашып, ауданымыздағы аянбай еңбек етіп жүрген асыл жандыларды мақтау қағаздарымен марапаттады.



(жалғасы 8-ші бетте)

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

ЕЛБАСЫ ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН ЖАСТАР САЯСАТЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАЙТЫН ТҰҢҒЫШ ФИЛЬМ



9 наурызда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «Оралу» («Дорога Домой») атты толықметражды көркем фильмнің жалпыұлттық тұсаукесеріне арналған баспасөз мәслихаты өтті.

Жарық көрген толықметражды фильм жайында Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ вице-президенті – бас редактор Дидар Амантай, сонымен қатар, фильмнің шығармашылық тобы: қоюшы режиссер, сценарий авторы Рашид Сүлейменов, фильмнің басты кейіпкерлерін сомдаған актерлер Санжар Мәдиев, Аружан Жазылбекова және Обонна Эндобуезе кеңінен әңгімелеп, кинотуынды туралы оң пікірлер білдірді.

«Оралу» фильмі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында жастардың көп созған мақсат-мұратына жетуіне жақсы мүмкіндіктер жасалғаны туралы баяндайды.

Фильм — елден жырақ кеткен, бірақ еліне келіп, туған жерінде мүмкіндіктер, артықшылықтар көбейгенін түсінген, Отанын сүйген адам туралы.

Картинаның кейіпкері – Мақсатқа – Еуропада тұрған, оқыған ұнайды. Ол – микробиолог, ауқымды жобалармен айналысатын ірі компанияда қойыс істейді. Мақсат алыстағы туған жерін тек іссапарлар кезінде, маңызды кездесулер барысында ғана ұшақ терезесінен көргенге үйреніп кеткен.

Шалғайдағы ауылда тұратын атасының кенеттен дүние салуы – оның өмірін бір-ақ сәтте басқа арнаға бұрады. Ол мұра боп қалған ат фермасын, жүйрік сәйгүліктерді сатып, ақшаға айналдыру мақсатында еліне оралады. Ауылда жүріп, аз уақыт ішінде туған ауылының тыныс-тіршілігі, тұрмысы өзгергенін байқаған Мақсат, қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық құндылық-қасиеттерін бойына сіңіріп өскен Аружан деген мұғалім қызбен танысады. Ол елдегі жағдайдың өзгергенін байқайды. Еуропалық компаниялар тәрізді, бүгінгі Қазақстанда да қарапайым адамдарға табысқа жету үшін, адал еңбегі арқасында жағдайын жақсарту үшін көп мүмкіндіктер жасалғанын көреді.

Еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақты елжандылыққа, өз Отанының адал азаматы болуға шақырған аталмыш кинотуындының түсіру жұмыстары, негізінен, Алматы облысына қарасты «Тұрар» ауылында, сонымен қатар Астана және Алматы қалаларында жүргізілді. «Оралу» фильмі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша, «Көркем фильм» кинокомпаниясының қатысуымен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірді.

Фильмнің ұзақтығы 90 минут. Картинаның жалпыұлттық тұсаукесері 9 наурызда еліміздің барлық қалаларында және Астана қаласында «Қазақстан» Орталық концерт залында өтеді. Салтанатты кешке еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары, фильмнің түсіру тобы және «Қазақфильм» АҚ өкілдері қатысады.

«Оралу» фильмі 19 наурыздан бастап жалпыұлттық прокатқа шығады, еліміздің барлық кинотеатрларынан көрсетіле бастайды.

БІЗ САЙЛАУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!



Қазақстан халқы Ассамблеясының президенттік сайлауды 2015 жылы өткізу туралы ұсынысын еліміздің бүкіл халқы қолдап отырғанын күнделікті БАҚ-тардан көріп, хабардар болып отырмыз. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 9 ақпанында қол қойған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы» жастар саясаты саласында туындайтын қоғамдық қарым-қатынастарды қадағалайды. Заңда жастардың жан-жақты дамуына септігін тигізетін көптеген мәселелер қарастырылған.

Әсіресе мәдени, танымдық және рухани құндылықтарының басымдылығы, еліміздің экономикалық өсу жолдары аясында азаматтық жауапкершілік, еңбек сүйгіштік, ұлтаралық сыйластық, мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға жастардың қатыса алуы сияқты мәселелерді ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан ұйымдастырылған жастарға арналған әлеуметтік бағдарламалар, нақты жеңілдіктер, жаңа орталықтардың ашылуы жастарға болашаққа нық сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында жастарымыз шет елдерге барып білім алуға мүмкіндік алып отыр. Жас отбасыларды тұрғын үймен, жұмыспен қамтып отыруының өзі жастарға деген елбасымыздың сенімділігі. Осындай жас кәрі демей, барлығының жағдайын ойлап отырған Елбасымызды алдағы болатын сайлауда биік белестерден көреміз деген сенімдеміз!

Д. ХАСЕНОВА, жастар орталығы

БОРОДУЛИХА АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖЕЗКЕНТ КЕНТІНІҢ ОКРУГІ БОЙЫНША ӘКІМДІККЕ КАНДИДАТТАР ТІРКЕЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ:

1. Дамир Мансұрұлы Бергенев 04.12.1978 жылы туылған, қазақ, білімі-жоғары, жұмыс орны «ШҚО Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы, Шығыс қазақстан облысы, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Школьная көшесі 3 үйінде тұрады.
2. Василий Михайлович Дерябин, 06.01.1972 жылы туылған, ұлты орыс, білімі - жоғары, Жұмыс орны: «Транс ЭКО Сервис» ЖШС-құқықтық мәселелер бойынша директордың орынбасары, Шығыс қазақстан облысы, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Пионерская көшесі 41а үйінде тұрады.
3. Бақыт Рысқұлқызы Садықова, 26.03.1978 жылы туылған, қазақ, білімі-жоғары, жұмыс орны: Жезкент кенттік округі әкімінің орынбасары, Шығыс қазақстан облысы, Бородулиха ауданы, Жезкент кенті, № 3 жатақханасының 441 бөлмесінде тұрады.

С.ХАРЧЕНКО,

Бородулиха аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
А. МУХАЕВА, хатшы

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ - БАСТЫ ПАРЫЗ!



Қазақстан – халықтар ара-сында бірлігі бекем, татулығы мықты, көп ұлтты мемлекет болып табылады. Осы жүйені қалыптастыру үшін, бүгінгі күнге дейін көп тер төгілді. Бүгінгі таңда мейлі ол басқа ұлт өкілі орыс, неміс, татар, грузин, украин тағысын тағы болмасын барлығымыз бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанымыз айдан анық. Осы игі бастамалардың барлығы тікелей Елбасымыз

ие халық Ассамблеясы біздің еліміздегі ұлтаралық келісімнің, ұлт татулығына бастар жолдың бірі. Еліміздің түрлі өңірлерінде этно-мәдени орталықтар мен достық үйлері жұмыс жасауда. Осындай игі қадам, ұлт аралық татулықты одан әрі нығайта түседі деген ойдамын. Қорыта айтқанда осы барлық жасалып жатқан бастамаларды Елбасымыз әрдайым назарында ұстап, Ұлт көшбасшысының арқасында жүзеге асып жатыр десек қателеспегеніміз. Мемлекет басшысының биылғы 26 сәуірде өтетін кезектен тыс сайлауда Президент лауазымына өз кандидату-расын ұсынуын қалаймын.

Н. Давлетшина,
“Ләйсан” татар ЭМБ жетекшісі

ЕЛІ ЕЛБАСЫНА СЕНІММЕН ҚАРАЙДЫ



Жарлығына сәйкес, жеті бала тәрбиелеп отырған аналар «Алтын алқа» орденін алса, ал «Күміс алқа» ордені 6 баланы өмірге әкелген аналарға берілді.

Көпбалалы ана ретінде 2008 жылы Елбасымыздың арқасында аудан орталығында салынған жаңа үйден 4 бөлмелі пәтер беріліп, түрлі әлеуметтік көмектер де көрсетіліп жатыр. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Үндеуін теледидардан тыңдадым. Кейін «Аудан - тынысы» газетінен де мұқият оқып шықтым. «Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын», деген сөзі бүкіл елді, бүтін қауымды тебінткеніне сенімдімін. Бүгінгідей алмағайып жағдайдағы аумалы-төкпелі заманда осы күнге дейін елдің, халықтың, жұрттың сенімінен шығып келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен сеніммен қараймын. Елбасымыз аз ғана жылдардың ішінде елімізде ғасырға бергісіз салихалы жұмыстар атқарды. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кезектен тыс президенттік сайлауға қатысқанын қалаймыз. Бұл - мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен береке-бірлігін сақтаудың кепілі. Кезектен тыс президенттік сайлауда Елбасымыздың барша қазақстандықтың қолдауына ие болатынына сеніміміз кәміл

А. МАМЫРБЕКОВА, “Күміс алқа” орденінің иегері, көп балалы ана

«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН ХАЛҚЫМЫЗ»

Ақпанның 28-ші жұлдызында Зубаир орта мектебінде қысқы спорттық ойындарына



байланысты «Салауатты өмір салтымыз, аман болсын халқымыз» атты спорттық мереке өтті.

Қыстың қытымыр аязына қарамай спорт киімін киген оқушылар

мен мұғалімдер мектеп ауласында сап түзеді. Мемлекеттік әнұран шырқалды.

Жиынды мектептің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Е.Алпысбаев ашып, оқушылар мен ұстаздар қауымын құттықтады.

Оқушылар мен мұғалімдерге «қаражорға»биіне флешмоб ұйымдастырылды.

Келесі кезекте спорттық ойындардан жарыс ұйымдастырылды. Жарыс өте қызықты болды. Алғашқыда бастауыш сынып оқушылары «Аңшы мен қоян» ойынын ойнады. Олар қармен қояндарды атқылады. Орта буындар шаңамен жарысты және қаппен секіріп жарысты. Соңында барлық қатысушы оқушылар мен мұғалімдер бір-біріне қар атысып «Қамал бұзу» ойынын ойнады. Таза ауадағы спорттық ойындар өте жақсы, әрі қызықты өтті.

Е.АЛПЫСБАЕВ, Зубаир орта мектебінің мұғалімі

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

Әндер де соғысқа қатысты!

27 ақпанда Боровлянка мектебінде Ұлы Отан Соғысының 70 жылдығына арналған «Әндер де соғысқа қатысты!» атты фестиваль өтті. Фестивальға Боровлянка, Пол-лог ауылдарының тұрғындары, тыл еңбеккерлері шақырылды. Іс-шара «Лейся песня» көркемөнерпаздар тобының, мектеп мұғалімдерінің, оқушылардың көмегімен ұйымдастырылды. Бағдарлама көлемді және мағыналы болды. Зал әсем безендіріліп, салтанатты түрде өткізілді. Залдың ортасына шақырылған қонақтардың соғысқа қатысып, қайтыс болған туғандары мен туысқандарының суреттері қойылды. Г.Аблахатова тыл еңбеккерлерінің төсіне Георгиевка таспасын тақты. Зал көрермендерге толы болды. Жерновка ауылдық округінің әкімі В.Позигунов және мектеп директоры А.Калинко құттықтап, сөз сөйледі. Олар тыл еңбеккерлеріне зор денсаулық тілеп, соғыс жылдарындағы қиындықтарды жеңе білгендері үшін алғыстарын білдіріп, бейбітшілік және ынтымақ бірлік тіледі. Сол жылдары әлі қанаттары қатаймаған балалардың иығына қаншама

ауыр еңбек пен қайғы артылды. Біз бейбіт өмірде өмірге келдік, сондықтан адам өмірін қию түкке тұрғысыз екеніне сену өте қиын, бұл бізге көрген түспен тең. Біз үшін соғыс - тарих. Фестивал осы сөзбен ашылды.

ретінде «Священная война» әні орындалды. Салтанатты жиын барысында бағдарлама жүргізушілері әндердің авторлары, композиторлары және алғаш кім орындағаны жөнінде таныстырып өтті. Бағдарлама



Тыныштықты Левитанның ҰОС басталғаны туралы хабарлаған дауыс бұзды: «Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған, Москва. 22 маусымда таңғы сағат 4-те фашистік Германия біздің Отанымызға шабуыл жасады». Соңынан қағылған дабыл

барысында мектеп оқушылары: «На безымянной высоте», «В землянке», «Эх дороги», «Катюша», «Алеша» әндерін орындады. С.В.Малько баянмен «Темная ночь» и «Ты ждешь Лизавета» әндерін, «Лейся песня» көркемөнерпаздар тобы

«Обелиски», «Вдовы страны», «Журавли» әндерін, А.Канапацкий гармонмен «Военные наигрыши» әндерін орындады.

Біздің екі ауылдан 35 адамнан астамы соғысқа аттанып, қайтпады. Барлық қатысушыларға жағылған шырақтар тартылды. Соғыста қайтыс болған, соғыстан қайтпаған, соғыстан қайтып, кейіннен қайтыс болған ардагерлердің әрқайсысының есімі аталып, халық үнсіз тұрып еске алды. Олардың құрметіне үнсіздік минуты жарияланды.

Сонымен қатар фестивальда неміс оккупациясында болған баланың шығарған өлеңі оқылды. Ол бұл өлеңін 1968 жылы өзінің анасы Мария Тимофеевна Куриловаға арнады. Оның апайы Надежда Пантелеевна Курилова дәптердің сарғайған бір бетін қастерлеп, осы кезге дейін сақтап жүр. Мектеп хоры және көркемөнерпаздар тобы салтанатты түрде «День Победы» әнін орындаған кезде, көрермендер көздеріне жас алып, балалармен бірге ән шырқады. Ата-бабаларының басынан өткен ерліктерін мақтанышпен еске алған немерелерінің, шөберелерінің ұрпақтарына тыл еңбеккерлері шексіз риза болып, жүздері алаулап, өз еліне деген мақтаныш сезімі биледі. Ұлы Отан Соғыс жылдарында көпұлтты Қазақстанның миллионнан астам ұлдары мен қыздары Кеңес Армиясы қатарында болды. Олардың 100 мыңнан астамы ордендермен, медалдармен марапатталды. 100-ге жуық әскер Совет Одағының Батыры атағын алды: Мәншүк Мәметова, Төлеген Тохтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Талғат Бегелдинов, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова және басқалары. Олар мәңгі ел есінде. «Әлия» әні батырларымыздың құрметіне арналған.

Концерттік бағдарламадан кейін мерекелік дастархан жайылып, қонақтар тәтті тағамдардан дәм татты. Гармонист А.Канапацкийдің сүйемелдеуімен ән айтылып, соғыс кезінде өткен қиындықтарын еске алды. Қонақтар осы шараны ұйымдастырған О.Карпенкоға алғыстарын білдіріп, жақсы көңіл-күймен үйлеріне тарқады. Салтанатты іс-шараға қатысқан әрбір қонақ көлікпен үйлеріне жеткізілді.

О. КАРПЕНКО,
тәрбие ісінің меңгерушісі
Г. АБЛАХАТОВА,
тәлімгер

ЖОҢҒАРИЯДАҒЫ ДАҒДАРЫС (XVIII ғ. ОРТАСЫ) ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ КҮШЕЮІ



Дайындаған: Ә. СҰЛТАНОВ

Галдан-Церен кезінде Жоңғария мықты империяға айналды, ол сол кезеңде Қытай империясымен бірнеше соғысына төзімділік ете алу фактісінің өзі айтып тұр. Галдан басқарған жылдары оның билігі Орталық Азияның үлкен аумағына таралды. Шығыс Түркістанның барлық аймағы мен халықтың еңбекқорлығы империя құрамына кірді. Қазақтарға қырғыздар, оңтүстік-сібір түріктері жоңғар мүдделерінің басымдылығын мойындады. 1734 жылдан бастап Ұлы жүз, ал 1742 жылдан бастап Орта жүз өзінің билеушілерінің балаларынан аманат беруге мәжбүр болды.

Егер Ұлы жүздің жоңғар протекторат шарттарын қабылдауы «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі оқиғалармен байланысты болса, тарихи аңыздар бойынша Орта жүз басқа жағдайлармен байланысты болды. 30-шы жылдардың ортасынан бастап, Орта жүздің саяси өмірінде, содан кейін бүкіл қазақ одағының өмірінде маңызды рөлді Абылай сұлтан ойнады. 30-шы жылдардың соңындағы ірі қақтығыстардың бірінде Абылай сұлтан жекпе-жекте атақты жоңғар жауынгері Шарышты өлтіреді. Шарын Галдан-Цереннің жақын туысы болған. Шарыш өлімі және оның әскерін тойтарғаны үшін жоңғарлар қазақтарға қарсы ірі қақтығысты дайындайды. 1741 жылы Орта жүздің қазақ көшпенділері 3 жақтан қалмақ әскерінің үлкен контингентімен қоршауға алынды. Оңтүстіктен қалмақ жауынгері Сары-манджының әскері, солтүстіктен Ертіс өзені бойынша

Септен әскері, шығыстан Галданның үлкен құлы Лама Доржидің әскері оларға қарсы жүрді. Осы шабуылған және Абылай сұлтанның келешектегі тұтқындалуына байланысты қазақ шежіресіндегі оқиғалар «Сүзекінің қолы» (сүзекі –балық аулайтын жабдық) аңыздар кезеңінде баяндалған.

Қазақ аңыз әгімелерінде жазылғандай, жоғарыда аталған қалмақтардың негізгі жасақтарынан басқа, қарт батыр Жалбы басшылығында арнайы тағайындалған шағын топ болды, олардың мақсаты бір – Абылайды іздеп табу. Сондықтан бүкіл соғыс науқаны «Сүзекі» деп аталды. Жалбы Абылайды ұлытау тауларынан ұстап алады.

Абылай тұтқынға алынғаннан кейін қазақтар Қаз дауысты Қазыбек би және Малайсары батырдың басшылығымен 90 би мен батырды жоңғар ордасына жібереді. Қазақтар мен қалмақтар арасындағы келіссөздер барысында кейбір уағдалыстыққа келді. Галдан және Абылай арасындағы келіссөздер мен өзара қарым-қатынастарға жататын мәліметтердің үлкен саны қазақ фольклорында сақталған. Абылайды әкелгенде, Галдан былай айтқан, деген әңгіме бар: «Мен сен сияқты Шарыш батыр үшін сені өлтіремін. Қандай тілегің бар?» Онда Абылай былай жауап берді: «Тақсыр, менің 3 тілегім бар. Бірінші, мен Шарышты шын жекпе-жек күресінде өлтірдім: ал сендер мені ұйқыда тұтқынға алдыңыз. Мен қазақтардың қалмақтармен соғысында қайтыс болуды армандадым. Екінші, қазақ көшпенді халық, отырықшы тұрмысқа үйренбеген халық. Мен оларды отырықшылыққа үйреткім келеді, оларға өз қалаларын қайтарғым келеді. Үшінші, менің тұқымымда әрбір ұрпақта бір ұлдан туды. Егер менің ұлды болмай өлсем, менің ұрпағым жойылып кетеді».

Осы сөздерден кейін Галдан басты түсіріп, ұзақ уақыт бойы ойланып отырды. Содан кейін өз тілінде өзінің уәзірне қарап: «Оның айтып отырғаны – ақиқат. Әсіресе соңғысы. Мен де өз ұрпағымда жалғызбын, егер менің ұлыммен бірнәрсе болып қалса, менің ұрпағым үзіледі», - деп айтты. Сол уақытта Абылай «Алдияр» деген сөзді айтты да, орнынан тұрды. «Сен неге олай сөйлейсің, мен саған босотандықты сыйладым ба?», - деп, сұрады Галдан. «Тақсыр, мен сендердің тілің түсінемін», - жауап берді Абылай, - «Сіз мені өз ұлымен салыстырдыңыз, бұл бостандық қой!»

30-60-шы жылдары қазақтардың жоғарғы ханы Әбілмәмбет Абылайдың босатылуында және Жоңғариямен бейбітшілік қатынастарды орнатуда маңызды рөлді ойнады.

Абылай хан кейін жетекшілік еткен халықаралық қатынастардың стратегиясы Әбілмәмбет билік еткен жылдары орнатылады. XVIII ғ. 40-шы жылдары аса жарқын көрінді. 1740 жылы Ор бекінісінде Әбілмәмбет хан Ресейге табынушылық антын берді.

Әбілмәмбет және Абылай В. Урусовпен келісімге қол қойғанда, Галдан Церенге қарсы күресте орыстардың көмегіне сенді, сол көмекке уәде берілді; құқық бойынша Орданың үлкен ханы Әбілмәмбет болғандықтан, Әбілқайыр өзінің жағдайына жоғалтуға қорқып, сол кездесуге келген жоқ. XVIII ғ. 40-шы жж. басында Орта жүздің көшпенді қазақтары Жоңғария жағынан жаппай шабуылға ұшырағанда, орыстар көмек көрсеткен жоқ. 1742 жж. ол өзінің баласын Әбілфеизді Галдан Церенге амантка (ак үйліге) берді. Осының арқасында Абылай сұлтан тұтқыннан босатылды. Ақылы дипломат Әбілмәмбет Түркістан қалаларына билікті қайтарды. Келешектегі оның өмірі осы қалада – қазақтар астанасында өтті. Жазда ол Сарыарқаға көшіп кетті.

1745 ж. Галданның өлімі жоңғар мемлекетінің құлдырауына әкелді. Галданның үш ұлы болды. Үлкен ұлы Лама Дорже 19 жаста, ортаңғы баласы Цеван Дорже (Аджахан) 14 жаста, ал кіші баласы 8 жаста болды. (жалғасы келесі нөмірде)



2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 маусымдағы № 235- V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа заңы шықты. Кодекстің баптарының нөмірі ғана өзгеріп қоймай, қолданатын шаралары да қатайды.

Мысалы, орман шаруашылығы саласындағы ҚР ӘҚКК 382 бабының 4 тармағында «Аңшылық ережесі және жануарлар әлемін пайдалану талаптарын бұзуды» ерекше қорғаудағы табиғи аумақта жасағаны үшін жеке тұлғаларға жетпіс АЕК мөлшерінде, кіші кәсіпкерлік субъектілерге жүз АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілерге жүз елу АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілерге бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады немесе әкімшілік құқық бұзушылық қару заттары тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге аңшылық құқығынан айырады.

Сондай-ақ алдыңғы Кодексте кейбір баптар қарастырылмаған, бірақ ҚР Қылмыстық кодексінде айтылған. Сонымен, қылмыстық топпен жасалған немесе аса ірі шығын келтірген (оның ішінде ерекше қорғаудағы табиғи аумаққа) «Заңсыз аң аулау», мысалы 337 бабтың 5 бөлімінде белгілі тағайындалған лауазымынан айырып үш жылдан жеті жылға дейін еркіндігінен айырып жазалау немесе белгілі айналысқан іс-әрекетінен бес жылға дейінгі мерзімге айыру.

Ерекше қорғаудағы табиғи аумақта заңсыз ағаш кесу, ағаштарды немесе бұталарды зақымдау немесе жою бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлмен жазаланады немесе сол мөлшерде түзету жұмыстарымен немесе үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады немесе белгілі лауазыммен айналысу немесе үш жылға дейінгі мерзімге мынадай белгілі іспен айналысу құқығынан айырып тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынады. Қылмыстық топпен жасалған іс-әрекеттер – екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге еркіндігінен айырып жазаланады.

Ойланыңыздар, табиғатты сақтаңыздар!
Д.ЖҰМАБЕКОВ,
«Семей орманы» МОТР ММ Бородулиха филиалы
директорының орынбасары

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

**«Баланы дұрыс тәрбиелеу- бұл біздің қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу- бұл біздің келешек қасіретіміз»
А.С.МАКАРЕНКО**

«Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады» демекші, әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де рухани азығы мол азамат болып өсуін тілейді. Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі – жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Жас ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуында ата-ананың, мектептің рөлі зор. Бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс,

қатып қалған тәсіл қолдануға болмайды. Әр ата-ана перзентінің мәдениетті, адамгершілігі мол, білімді, саналы, еңбекқор, ата-салтын, ана тілін қастерлейтін, үлкенді сыйлай білетін адам етіп тәрбиелеуді ата-аналық міндеті деп түсіну керек.

«Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам» деген болатын грек философы Эпикет. Бала- әр ата-ананың болашағы. Ол-оның өмірінің жалғасы.

**А.ҚАЛИЕВА,
Петропавловка ауылдық округі
әкімінің аппараты**

СЕМЕЙДЕ КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ ӨТКІЗУДІ ҚОЛДАУШЫ ЖАСТАР ФЛЕШ-МОБ ӨТКІЗДІ



ҚР кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдаған семейлік жастар «Біз сайлау үшін», «Сайлау 2015» ұранымен флеш-моб өткізді, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдаған семейлік жастар флеш-моб өткізіп, мемлекеттік туралы саясатын жүзеге асыруда азаматтық ұстанымын осылай білдірді. Шараға қатысқан 120 белсенді студентті Қазақстан студенттері Альянсының жетекшілері қарсы алды.

– Біз Қазақстанның жас ұрпағы ретінде бейбітшілігі жарасқан бірегей дәуірде өмір сүріп келеміз.

Біздің оқып, еңбектенуіміз үшін барлық мүмкіндіктердің жолы ашық. Біз өркендеген еліміздің даму жолының бағытын, кезектен тыс сайлау өткізу туралы Ассамблеяның бастамасын қолдаймыз. Біз азат елдің жастары ретінде бейбітшілік пен ынтымақ жолын таңдаймыз, – деді шымкенттік ҚСА жетекшісі Нұрсұлтан Дүйсенбаев.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ

“ӨРЛЕУ” ЖОБАСЫ

«Өрлеу» жобасы ол не?

«Өрлеу» жобасы – отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның), әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасыға (адамға) шартты ақшалай көмек беру бағдарламасы;

Неге ақшалай көмек шартты деп аталады?

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттың шарттарын орындағанда отбасы ақшалай жәрдем алатын болады.

«Өрлеу» жобасының қатысушысы кім бола алады?

Шартты ақшалай көмек тағайындауға жүгінген отбасылар, егерде отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының шарттарында олардың айлық жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріменнен 60 пайызға төмен болғанда «Өрлеу» жобасына қатысуға құқығы бар.

Шартты ақшалай көмек (ШАК) қандай мерзімге беріледі?

Шартты ақшалай көмек отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қолданылу мерзіміне беріледі және ай сайын төленеді.

«Өрлеу» жобасына қатысу үшін не істеу қажет?

Ең алдымен, ықтимал қатысушыға шартты ақшалай көмекті ұсыну шарттары туралы консультация алуы қажет. Осы үшін Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, ауылдық округ әкімі немесе ассистентке жүгіну қажет. Егерде консультация нәтижесінде өтініш беруші жобаға қатысуға шешім қабылдаса ол отбасылық және материалдық жағдайы туралы жеке өзімен толтырылған сауалнаманы және өтінішті, керекті құжаттарының пакетімен бірге ЖКЖӘББ немесе ауылдық округ әкіміне ұсынады.

«Өрлеу» жобасына қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

1) жеке басын куәландыратын құжат;
2) отбасы құрамы туралы мәліметтер;
3) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат;
4) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы,

немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы;

5) жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер (қажет болған кезде).

Қандай мерзімге шартты ақшалай көмек тағайындалды?

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты бір жылға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, ШАК мөлшері қайта қаралмайды.

Отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу олар үшін міндетті шарт болып табылмайтын тұлғалардың санаттары бар ма?

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу:

1) үш жасқа дейінгі балаларға;
2) он алты жасқа дейінгі мүгедек балаға;
3) бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жасан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылмайды.

Егерде жылдың ағымында отбасының (тұлғаның) табысы өзгерсе не болады?

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қолдану мерзімі ағымында жан басына шаққандағы табыс қарастырылмайды.

«Өрлеу» пилоттық жобасы бойынша консультация алу үшін және қай жерге жүгіну қажет?

Молодежная көшесі, 25, 2 қабат № 4 және № 9 кабинет мекенжайы бойынша Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, тұратын жері бойынша ауылдық округ әкімі немесе ассистентке жүгінгенде Сізге «Өрлеу» пилоттық жобасына қатысу шарттарын түсіндіреді.

Анықтама үшін телефондар: 2-14-47, 2-22-63

ДЕНСАУЛЫҚ БАСТЫ БАЙЛЫҚ!

28 ақпан күні Белағаш ауылдық округінің Белағаш орта мектебінде Денсаулық күні өткізілді.

Спортқа және дене шынықтыруға деген қызушылығын оқушылар арасында салауатты өмір салтын дамыту мақсатында денсаулық сақтау күні өткізіледі. Денсаулық күніне арналған іс-шараға мектептің 1-11 сынып оқушылары қатысты.

Мектепте спорттық жарыс таза ауада ұйымдастырылды. Мектеп аланында 8-11 сынып оқушылары шаңғы эстафета-



сында жарысты. Әр командаға 2 – қыз және 4 - жасөспірім кірді. 1 орынды 11 - сынып, 2 орынды 8-сынып, 3 орынды 9 - сынып иеленді. өткізілген іс-шарадан оқушылар сергектік қуат алып, жақсы көңіл күймен тарқасты. Бастауыш сынып оқушылары шаңғымен, конькимен сырғанады, және олар үшін арнайы қойылған мұзды тауда сырғанады. Денсаулық күнін ұйымдастырып, ойдағыдай етіп өткізу дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Хорунға жүктелді.

**О.ШАЛГЕНОВА,
Белағаш ауылдық округінің жетекші маманы**

ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ

2015 жылдың 22 ақпанында Михайличенково ауылдық клубының спорт залында сегізінші жыл қатар ауылдық округтер арасында волейболдан Блок Леонид Петровичті еске алуға арналған жарыс өткізілді.

Жарысқа Бородулиха, Новопокровка және Михайличенково ауылдарының командалары қатысты.

Леонид Петрович – біздің ауылдың көркейіп өсуіне үлкен үлес қосқан тұлға. Осы жерде туып-өсіп, өзіне жақын болған, тоқырау заманында бұл колхоздың кешкен күйін көріп, 1998 жылы басшылыққа келіп «Новая Заря» шаруа қожалығын құрды. Өз қаражатын сала отырып, ауылды сақтап қалуға тырысып, халықты



жұмыспен қамтып, еліміздің қиын қыстау кезінде көп еңбек сіңірген. Леонид Петрович көрнекті басшы, ауыл шаруашылық саласында ерекше ұйымдастырушы ретінде көрініп, беделі Бородулиха ауданы төңірегінде асты. 2007 жылы 25 ақпан күні Л.Блок өмірден өтті, өзі жайында қазақ жеріне, ауыл тұрғындары өмірінде жақсы пікір қалдырды.

Бүгінгі күні, сонымен қатар Леонид Петровичтің сіңірген еңбегі арқасында Михайличенково ауылы аудан көлемінде алдыңғы қатарлы ауылдар мәртебесіне ие бола отырып, 2014 жылы «Үлгілі ауыл» атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша бойынша 1 орынды Новопокровка, 2 орынды Бородулиха, 3 орынды Михайличенково ауылы иеленді. Спортшыларды Андреевка ауылдық округінің әкімі Б.Кулаков және спорт нұсқаушысы Д. Лубинскийлер құттықтады.

Командалар мен үздік волейболшыларға мақтау қағазы мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Жарыстың өткізілуіне демеушілік көрсеткен «Новая Заря» шаруа қожалығының басшылығына алғыс білдіреміз.

Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы

Өсімдік карантині бойынша карантиндік және фитосанитариялық сер-тификаттар беру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетіледі. «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңда, негізге алынған және мемлекеттік қызмет көрсетудің жүйесін қайта құруда маңызды роль ойнайтын негізгі концепту-алды жаңа еңгізулер белгіленген. Яғни, «мемлекеттік қызмет көрсету» түсінігі кеңейтілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын көтеру үшін Заңға сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына қоғамдық бақылау түсінігі еңгізілген, мемлекеттік қызмет көрсетуді алушылардың құқықтары бекітілген, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына шағым түсіру тәртібі, мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын және регламенттерін дайындалуының және бекітілуінің талаптары белгіленген. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне оңтайландыру жүргізу және электрондық фор-матта жүргізу қарастырылған.

Жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық сертификат алу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттарды береді:

1) 30 қазан 2009ж №1730 ҚР Үкіметі бекіткен Ереженің 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім. Өтінім «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы өтінім берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық сұрау салу түрінде ұсынылуы мүмкін; 2) жеке тұлға үшін – өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама;

3) уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжат және өтінім беруші атынан өкілдік етуге өкілеттілікті куәландыратын құжат;

4) импорттаушы елдің фитосанитариялық талаптары болған кезде – им-порттаушы елдің мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған импорттық карантиндік рұқсаты не фитосанитариялық талаптар ескертілген шарттардың көшірмелері.

Фитосанитариялық сертификатты карантинге жатқызылған өнімді тексеру актісі негізінде карантинге жатқызылған өнімді зерттеген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор береді және өзінің қол қоюымен және белгіленген үлгідегі мөрмен (мөртабанмен) растайды. Карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкеткен жағдайда – карантиндік аймақ оның түрі бойынша белгіленетін карантиндік объектінің болмауын растайтын карантинге жатқызылған өнімді фитосанитариялық сараптамау негізінде беріледі. Фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір легіне беріледі және оның карантиндік жай-күйін куәландыруға, жүргізілген зарарсыздандыру, осы өнімді жеткізу жөніндегі басқа да қосымша карантиндік талаптардың орындалғаны туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден дәлелді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді

Карантиндік сертификат алу үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай құжаттарды береді:

1) уәкілетті органға 30 қазан 2009ж №1730 ҚР Үкіметі бекіткен Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім не «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы өтінім берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық сұрау салу түрінде береді, сондай-ақ карантиндік жай-күйін айқындау үшін карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға ұсынады; 2) жеке тұлға үшін – өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама;

3) уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжат және атынан өтінім беруші өкілдік етуге өкілеттілікті куәландыратын құжат.

Карантиндік сертификатты карантинге жатқызылған өнімді тексеру актісі негізінде карантинге жатқызылған өнімді зерттеген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор береді және өзінің қол қоюымен мен белгіленген үлгідегі мөрмен (мөртабанмен) растайды. Карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкеткен жағдайда – карантиндік аймақ оның түрі бойынша белгіленетін карантиндік объектінің болмауын растай-тын карантинге жатқызылған өнімді фитосанитариялық сараптау негізінде беріледі. Карантиндік сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір легіне беріледі және оның карантиндік жай-күйін куәландыруы, осы өнімді жеткізу жөніндегі қосымша карантиндік талаптардың орындалғаны туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Карантиндік сертификат немесе оны беруден дәлелді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

1.Мемлекеттік көрсетілетін қызмет -Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР аумағында орын ауыстыруға карантиндік сертификат беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет)

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсыру сәтінен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс күні;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 40 (қырық) минут; 2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – карантинге жатқызылған өнімнің Қазақстан Республикасының аумағында орнын ауыстыруға карантиндік сертификатты қағаз жеткізгіште беру;

2) порталда – электрондық құжат нысанындағы рұқсат беру құжатының дайындығы туралы хабарлама.

4. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

5. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байла-нысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде ұсынатын қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат;

3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және өкілдікке өкілеттілікті куәландыратын құжат;

4) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік

тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) ту-ралы куәлікті немесе анықтаманы ұсыну мемлекеттік ақпараттық жүйелерде құжат туралы мәліметтер болған кезде талап етілмейді.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттардың түпнұсқасындағы мәліметтердің мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен тең түпнұсқалығын салысты-рып тексереді, осыдан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді мемлекеттік қызметті көрсету кезінде пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алуға міндетті.

Көрсетілетін қызметті алушыға:

құжаттарды қабылдау нөмірі мен күні;

сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі;

қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алатын күні (уақыты) және құжаттарды беру орны;

көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдаған жауапты лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Порталда көрсетілген қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу мерзімі көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – «Карантинге жатқызылған өнімнің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет).

1. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топ-тамасын тапсыру сәтінен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 40 (қырық) минут.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – каран-тинге жатқызылған өнімнің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификатты қағаз жеткізгіште беру;

2) порталда – электрондық құжат нысанындағы рұқсат беру құжатының дайындығы туралы хабарлама.

4. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

5. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетеді. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде ұсынатын қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;

3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі өтінген кезде – сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және өкілдік етуге өкілеттілікті куәландыратын құжат;

4) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама;

